**Этномәдениеттану**
**10-сынып**
**1 деңгей**

1. Өлең жолдарының буын саны, тармағы, ырғағы мен мағынасы жағынан және ұйқасу үйлесімі жағынан құралған жеке жүйесі...
A) Тармақ
B) Бунақ
C) Шумақ
D) Буын
E) Ұйқас
2. *Керіскедей шандозым,*
*Құландай ащы дауыстым,*
*Құлжадай айбар мүйіздім...*
Үзінді Махамбет Өтемісұлының қай шығармасынан алынғанын табыңыз.
A) «Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқаны»
B) «Мұнар күн»
C) «Ереулі атқа ер салмай»
D) «Тарланым»
E) «Соғыс»
3. Махамбет Өтемісұлының өлеңінен алынған үзіндіде асты сызылған сөздің ненің атауы екенін көрсетіңіз.
*Әскер жиып аттандық*
*Бекетай еді тұрағым*
*Айқайлап жауға тигенде,*
*«Ағатай, Беріш» ұраным*
A) Білім алған медресе
B) Ханның сыйға тартқан жері
C) Махамбет қаза болған жер
D) Ханның жері
E) Соғыс болған жер
4. *Хан әділ болса, халық ынтымақты болады.*
Нақыл сөзінің авторын белгілеңіз.
A) Сырым
B) Майқы би
C) Қазыбек би
D) Төле би
E) Әйтеке би
5. Берілген үзінді жататын шешендік сөз үлгісін анықтаңыз.
*Ағат деген немене?*
*Сағат деген немене?*
A) Шешендік жұмбақ
B) Шешендік дау
C) Тапқыр сөз
D) Шешендік арнау

E) Жер дауы
6. «Бәйтерек» поэмасының авторын табыңыз.
A) Қ. Мұханбетқалиұлы
B) А.Құнанбайұлы
C) Несіпбек Айтұлы
D) Ф. Оңғарсыновна
E) М.Сәрсеке
7. *Алайма, сұлтан, алайма!*
*Астыма мінген арғымақ*
*Аяңдап түсіп марай ма?*
*Арғымақ дейтін жығылар...*
Берілген үзіндідегі көркемдік тәсілді көрсетіңіз.
A) Аллитерация
B) Ассонанс
C) Аллегория
D) Теңеу
E) Кейіптеу
8. «Сегізаяқ» өлеңінің авторын белгілеңіз.
A) Төлеген Айбергенов
B) Мұхтар Әуезов
C) Шәкәрім Құдайбердіұлы
D) Абай Құнанбайұлы
E) Дулат Бабатайұлы
9. *Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,*
*Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?*
*Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,*
*Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?*
Үзіндідегі буын, бунақ, ұйқас түрлерін анықтаңыз.
A) 7-8 буынды, 3 бунақты шұбыртпалы ұйқас
B) 11-12 буынды,4 бунақты кезектес ұйқас
C) 8 буынды, 2 бунақты қара өлең ұйқасы
D) 11-12 буынды, 3 бунақты қара өлең ұйқасы
E) 8 буынды, 3 бунақты егіз ұйқас
10. Пікір арналған ойшыл
«*Ол Шыңғыстың әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға клгенде, оны ерекше құбылыс деп түгел мойындады*»
A) Шәкәрім Құдайбердіұлы
B) Мәшһүр Жүсіп Көпеев
C) Ыбырай Алтынсарин
D) Абай Құнанбайұлы
E) Шоқан Уәлиханов
11. Үндістан өз тәуелсіздігін қашан жариялады?
A) 1947 тамыз
B) 1948 тамыз
C) 1949 тамыз

D) 1950 тамыз
E) 1951 тамыз

12. Үндістанның алғашқы премьер министрі?
A) М. Ганди
B) Дж. Неру
C) Р. Ганди
D) С. Хан
E) Джинна

13. Қырғиқабақ соғыстың басталуына себеп болған баяндама.
A) У. Черчилль, Фултон
B) Ф. Рузвельт, Вашингтон
C) И. Сталин, Ялта
D) Ш. Де Голль, Париж
E) М. Цзедунь, Нанкин

14. АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейн Еуропа елдеріне көмек көрсету бағдарламасы:
A) «Рузвельт доктринасы»
B) «Жаңа бағыт»
C) «Ренди»
D) «Маршалл жоспары»
E) «Лендлиз»

15. АҚШ – та Ф. Рузвельттан кейін билікке келген президент.
A) Г. Труман
B) А. Маршалл
C) А. Смит
D) Д. Эйзенхауер
E) Л. Джонсон

16. Орталық Азияға кірмейтін мемлекетті атаңыз:
A) Қазақстан
B) Пәкістан
C) Өзбекстан
D) Қырғызстан
E) Тәжікстан
17. А. Македонский жорықтары жайлы мәлімет кездесетін Үлкен Плинийдің еңбегін атаңыз:
A) «Тарих»
B) «География»
C) «Авеста»
D) «Жаратылыстану тарихы»
E) «Асыл тастар»

18. 2004 жылы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енген ескерткіш:
A) Берел қорымы
B) Тамғалы петроглифі
C) Ботай қонысы
D) Тасмола ескерткіші
E) Бесшатыр қорғаны
19. Орта Азияның ежелгі тоғыз өркениетінің бірі Соғды өркениетінің қамтыған аумағы:
A) Мұрғаб жазирасы
B) Сырдария мен Әмударияның арасы
C) Шыршық пен Ангрен өзендері алқабы
D) Балқаш көлі пен Ыстықкөлдің арасы
E) Тянь-Шань тауы
20. Сақтар жайлы баяндалатын Бехустин шатқалындағы жазудың бастамашысы болған парсы билеушісі:
A) Дарий I
B) Кир
C) Дарий II
D) Скунха
E) Ксеркс

**10-сынып**
**2 деңгей**

1. Шешендік өнердің бірінші кезеңінің өкілін анықтаңыз.
A) Асан қайғы
B) Жиренше
C) Төле би
D) Аяз би
E) Әйтеке би
2. Абай оқыған Еуропа ақынын белгілеңіз.
A) Г.Спенсер
B) И.С.Тургенев
C) Л.Н.Толстой
D) Н.А.Некрасов
E) И.В.Гете
3. Шоқан Уәлихановтың зерттеу еңбегін табыңыз.
A) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»
B) «Күлтегін»
C) «Ержігіт»
D) «Оғыз қаған»
E) «Еңлік-Кебек»
4. Шоқан Уәлихановтың әкесінің есімін белгілеңіз.
A) Уәлихан

B) Нұрмағанбет
C) Әлім
D) Шыңғыс
E) Абылай
5. Берілген үзіндідегі қолданылған көркемдегіш құралды табыңыз.
*Алтын күнді, қара жерді сағындым,*
*Асау тайдай еркелетіп өсірген*
*Ағайынды,туған елді сағындым.*
A) Метафора
B) Теңеу
C) Аллитерация
D) Шендестіру
E) Кейіптеу
6. Бейімбет Майлиннің білім алған оқу орнын анықтаңыз.
A) Семей қаласындағы интернат
B) Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесі
C) Ақмоладағы Приходская школа
D) Қалалык училище
E) Омбы мұғалімдер семинариясы
7. Ғабит Мүсірепов бас редактор болған газетті көрсетіңіз.
A) «Социалистік Қазақстан»
B) «Еңбек туы»
C) «Ақ жол»
D) «Қазақ»
E) «Қызыл Ту»
8. Ғабит Мүсіреповтің пьесасын табыңыз.
A) «Бақыт жолында»
B) «Қызыл сұңқарлар»
C) «Қыз Жібек»
D) «Қанапия-Шәрбану»
E) «Балқия»
9. Фариза Оңғарсыноваға қатысты деректі белгілеңіз.
A) «Біргемін мен сендермен» кітабының авторы
B) Ә.Ситдықовпен бірге оқулық жазған
C) «Күй», «Дала» поэмаларының авторы
D) Н.Некрасовтың шығармаларын аударған
E) Атырау облысы Исатай ауданында дүниеге келген
10. «Бәйтерек» поэмасының авторын анықтаңыз.
A) Ф.Оңғарсынова
B) Ғ.Мүсірепов
C) М.Өтемісұлы
D) Н.Айтұлы
E) Т.Айбергенов
11. Б .з.д. 337 жылы Филипп II басшылығымен эллиндік одақ құрылды. Одақтың басты міндеті?

A) Балқан түбегін жаулап алу
B) Парсы патшалығын жаулап алу
C) Үндістанды Жаулап Алу
D) Сирияны Жаулап Алу
E) Орта Азияны Жаулап Алу

12. Б.з.д. 264-241 жылдары Рим бірінші Пуникалық соғыс, содан кейін 218-201 жылдары екінші Пуникалық соғыс жүргізді, нәтижесінде ол Батыс Жерорта теңізінің толық қожайыны болды. Осы жылдары Рим қай мемлекетпен соғыс жүргізді?
A) Македония
B) Сирия
C) Карфаген
D) Мысыр
E) Греция

13. Осы сөздің авторы кім: «Аттила есімі адамзат тарихында Александр және Цезарь секілді ұлы тұлғалармен қатар аталады»
A) Иордан тарихшы
B) А.Тьери тарихшы
C) Старген тарихшы
D) Ф.Фюре тарихшы
E) Д.Верди

14. Үшінші халифа Осман қайтыс болғаннан кейін халифа орнына үміткерлер арасында күрес басталды: Али мен Муавия арасында. 660 жылы Муавия қиын күресте жеңіске жетті. Муавия қай әулеттің негізін қалаушы болды?
A) Аббасидтер
B) Аштарханидтер
C) Умаядтар
D) Ахеменидтер
E) Осман

15. Ежелгі Египетте алғашқы өтпелі кезең уақытын қамтитын кезең:
A) II-VI ғғ.
B) III-VI ғғ.
C) V-III ғғ.
D) X-V ғғ.
E)VII-X ғғ.
16. «Орталық Азия» ұғымын алғаш қолданған неміс ғалымы:
A) А. Гумбольдт
B) Г. Миллер
C) В. Бартольд
D) Э. Мейер
E) Р. Фальк

17. Сақ-парсы соғысы сипатталған «Бехустин жазбалары»:
A) қытай деректері
B) араб деректері
C) иран деректері
D) грек деректері
E) римдік деректер
18. XX ғ. 50 жж. Бесшатыр патша қорғандарын, Тамғалы петроглифтерін зерттеген экспедицияны басқарған археолог-ғалым:
A) В. Радлов
B) З. Самашев
C) М. Қадырбаев
D) К. Ақышев
E) Ә. Марғұлан
19. Арқайым, Сынтасты секілді алғашқы қалалар пайда болған кезең:
A) тас дәуірі
B) энеолит дәуірі
C) қола дәуірі
D) темір дәуірі
E) ортағасырлар
20. Алғашқы рет екі дөңгелекті әскери арба жасаған тайпалар:
A) сақтар
B) үйсіндер
C) қаңлылар
D) андрондықтар
E) ғұндар

**10-сынып**
**3 деңгей**

1. Жүсіп Баласағұнның қай қалада білім алғанын анықтаңыз.
A) Семей
B) Отырар
C) Түркістан
D) Ташкент
E) Омбы
2. «Құтты білік» дастанын орыс тіліне аударған
ғалымды көрсетіңіз.
A) Р.Арат
B) А.Ділашар
C) С.Иванов
D) Б.Мориц
E) А.Егеубаев
3. Төле биге қатысты дұрыс ақпаратты табыңыз.
A) Ұлы жүздің бас биі.
B) 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген.

C) «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» деген үш сұраққа жауап берген.
D) «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшырап, қатты күйзелген.
E) Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан.
4. Бұқар жыраудың мұрасын жинауда, жариялауда, зерттеуде еңбек сіңірген зерттеушіні көрсетіңіз.
A) М.Әуезов
B) М.Жұмабаев
C) Г.Потанин
D) В.Радлов
E) Б.Майлин
5. Шешендік өнердің үшінші, «Ел қорғасқан шешендер» кезеңінің өкілін белгілеңіз.
A) Аяз би
B) Тіленші би
C) Шалқар би
D) Қазыбек би
E) Майқы би
6. Қайталаулар кездескен өлең жолдарын көрсетіңіз.
A) Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға...
B) Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай...
C) Атадан туған аруақты ер
Жауды көрсе, жапырар...
D) Ер жігітке оқ тиді
Қыл мықынның түбінен...
E) Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде...
7. «Ер бақыты -әйел» деген туындының кейіпкерін анықтаңыз.
A) Төле би
B) Бала би
C) Сырым
D) Қазыбек би
E) Әнет баба
8. Әнет бабаның «Үш арсыз» нақыл сөзіндегі арсыздықтың біреуін табыңыз.
A) Жалқаулық
B) Ұйқы
C) Тәкаппарлық
D) Енжарлық
E) Мансапқорлық
9. Көңіл-күйді білдіретін өлең-жырдың түрін белгілеңіз.
A) Тоқымқағар
B) Тұсау кесу

C) Шілдехана
D) Тойбастар
E) Жоқтау
10. Халық ауыз әдебиетіне жатпайтын нұсқаны анықтаңыз.
A) Эпостық жырлар
B) Аңыз
C) Тұрмыс-салт жырлары
D) Поэма
E) Жұмбақтар
11. Сәйкестендіру жасау.  Мемлекеттік формалары

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Абсолютті монархия | A | Бұл үкіметті жасақтау мен оның қызметің бақылау өкілеттілектері президент пен парламент арасында бөлінетін билік формасы |
| 2 | Президенттік республика | B | Тәуелсіз басшы ешқандай шектеусіз,шексіз билік жүргізетін мемлекеттік форма |
| 3 | Конституциялық монархия | C | Президент бір мезгілде мемлекет басшысы және атқарушы биліктің басшысы |
| 4 | Президенттік-парламенттік республика | D | Монарх билігінің конституциямен шектелгендігін білдіретін басқару түрі |

A) 1A, 2C, 3B , 4D
B) 1B, 2C, 3D , 4A
C) 1C, 2A, 3B, 4D
D) 1D, 2B, 3A, 4C
E) 1A, 2D,  3C, 4B

12. Парсы империясының тарихындағы оқиғалардың хронологиясын анықтаңыз?
1. Кир II Армения, Каппадокия және Лидияны басып алды
2. Кир II парсылардың патшасы болды
3. Камбис Мысырды басып алды
4. Дарий I Парсы мемлекетінің патшасы болды
A) 1,2,3,4
B) 2,1,3,4
C) 3,4,1,2
D) 4,2,1,3
E) 1,3,4,2

13. Хронологиялық реттікті анықтаңыз.
1.Гавгамел шайқасы
2.Эллиндік Одақ құрылды
3. I  Александр Вавилонға шөл арқылы келді

14. Спитамен қаза тапты
A) 4,3,1,2
B) 3,2,4,1
C) 2,1,4,3
D) 1,4,3,2
E) 4,2,1,3

4. Сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 632 ж | A | Селжұқтар Бағдатты басып алды |
| 2 | 711 ж | B | Абдеррахман (Умайядтардың соңғысы) Испанияға қашып, өзін әмір деп жариялады |
| 3 | 756 ж | C | Мұхаммед пайғамбар қайтыс болды |
| 4 | 1055 ж | D | Арабтар Испанияға Гибралтар арқылы өтті |

A) 1A, 2C, 3D, 4B
B) 1D, 2A, 3B. 4D
C) 1B,2D,3A,4C
D) 1C,2D, 3B,4A
E) 1A,2B,3C,4D

15. Өркениет туралы түсініктер мен өркениетті зерттеген бағыт өкілдерін сәйкестендіріңіз.

| Өркениет туралы түсініктер | өкілдері |
|---|---|
| 1. Жабайылық пен тағылықтан үстем болған, адамзаттың тарихи даму кезеңі;<br>2. Бостандық, әділдік және құқық салтанат құрған азаматтық қоғамның келбеті;<br>3. Адамдардың тарихи қауымын өзге құрылымдардан ерекшелейтін, өзіндік экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани құндылықтар тұтастығы; | A) С.Хантингтон, К.Ясперс<br>B) Л.Морган, К.Маркс, Ф.Энгельс<br>C) А.Тойнби<br>D) Ф.М.Вольтер, Ш.Монтескье, Д.Дидро |

A) 1-A,2-B,3-D
B) 1-D,2-C,3-A
C) 1-B,2-D,3-C
D) 1-C,2-A,3-B
E) 1-B,2-C,3-D
16. Танымал «руна» немесе «Орхон-Енисей» жазбалары қай кезеңге жатады:

A) сақ
B) үйсін
C) қаңлы
D) түркі
E) ғұн
17. Танымал Бесшатыр және Есік қорғандары орналасқан аймақ:
A) Сарыарқа
B) Алтай
C) Сібір
D) Жетісу
E) Үстірт
18. Мерзімді баспасөз бен оның редакторларын сәйкестендіріңіз:
*1. «Қазақ» газеті 2. «Серке» 3. «Жаңа Түркістан»*
*а. Шоқай М. б. Байтұрсынов А. в. Дулатов М.*
A) 1-в; 2-б; 3-а.
B) 1-б; 2-а; 3-в
C) 1-а; 2-б; 3-в.
D) 1-б; 2-в; 3-а.
E) 1-а; 2-в; 3-б.
19. XX ғ. 20 жылдарында офицерлер мен қоныс аударушыларға берілген Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның 1 миллион десятинадан астам жерін қазақтарға қайтарған іс-шара:
A) жер-су реформасы
B) жаңа экономикалық саясат
C) әскери коммунизм саясаты
D) ұжымдастыру науқаны
E) индустрияландыру науқаны
20. Қазақ КСР-і соғыс қарсаңында одақ көлемінде бірінші орынға шықты:
A) көмір өндірісі бойынша
B) қорғасын өндірісі бойынша
C) түсті металл өндірісі бойынша
D) мұнай өндірісі бойынша
E) темір өндірісі бойынша